



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 12 тамыздағы № 159

Орал қаласы

город Уральск

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық  
мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің атауын өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» және «Білім туралы» Заңдарын басшылықта ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 актандығы №50 «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» және 2018 жылғы 30 қазандығы №595 «Тиісті ұлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып өзгертілсін.

2. «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Мекеменің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Мекеменің Жарғысын бекітуге, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге уәкілеттілік берілсін;

3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Х.Нарымбетовке жүктелсін.

Облыс әкімі

Ғ.Есқалиев

